«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Нурбеков Талгат Балтабековичтің «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Нурбеков Талгат Балтабековичтің диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасын 2050 жылға дейін дамыту стратегиясының 4-ші басымдығы: «Білім беру және кәсіби даярлық – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің, кадрларды даярлау және қайта даярлаудың негізгі бағыты» және Мемлекеттік тілді виртуалды орта, білім және ғылым тіліне айналдыру міндеттерінің орындалу барысын, мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту тапсырмаларының іске асуын талдау, қазақ тілін жаңа технологиялар тіліне айналдыруда іс жүзінде нәтижелерге қол жеткізу – бүгінгі Қазақстан Республикасының тіл саясатының негізгі мақсаттарының бірі. Халықаралық аренада қазақ тілінің қолданысын өрістету міндеттерінің қалай іске асып жатқанын зерттеу ғалымдардың мемлекеттік бағдарламаға сәйкес міндеттерінің біріне жатады. Бұл тұрғыдан диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына, мемлекеттік бағдарламаға толығымен сәйкес.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған зерттеу жұмысына жатпайды. 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындамалған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бойынша «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» ғылыми бағытына сәйкес.

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазақ тіл білімінің дамуына, бүгінгі таңдағы қазақ мәдени өмірінің, ғылым мен білімінің жарыққа шығуына негіз болатын қазақ ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесін зерттеуге арналған, өз уақытында қолға алынып отырған ғылыми жұмыс болып табылады. Ал оның маңыздылығы зерттеу нысанын дәйектейтін тілдік деректердің кумулятивтік қызметінің лингвофилософиялық, этнопсихологиялық, мифологиялық тұрғыдан кешенді жүйеде қарастырылу арқылы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі: 1) Жоғары. Себебі: а) осы мәселемен тікелей айналысып, теориялық еңбектер жазған шет елдік және қазақстандық ғалымдар еңбегімен мейлінше толық танысқан; ә) ертегілер бойынша өз тұжырымдарын бекітетін мысалдар жинақтаған, оларды тілдік талдаулар нысанына айналдыра алған; б) ертегілердің мәтіндеріндегі сөздік қорын әлемнің тілдік бейнесінің маңызды категорияларын көрсететін белгілі бір ұғымдармен байланыстыра анықтауға күш салған; в) ізденуші тек фактілемн ғана жұмыс істеп қоймай, түрлі сауалнамалар жүргізіп, соның нәтижесі бойынша өз қорытындысын жасаған, т.б.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген. Қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі ғылыми таным және әлемнің тілдік бейнесі, рефлексия және бағалау, далалық дүниетаным, ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін айқындаудағы сөз таптарының орны, қазақ ертегілеріндегі «жақсылық» және «мейірім», «тапқырлық» және «ақыл», «шындық» концептілерді анықтау бағытындағы ізденіс болуымен ғылыми ізденістің мазмұны өзекті.

		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды**; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	4.2 Диссертация мазмұны тақырыпты толық ашады. Тұрмыс-салт ертегілерінің дүниетанымдық және дискурстық табиғаты бағытындағы ізденістері, тұрмыс-салт ертегі мәтіндерінің семантикалық ерекшеліктерін анықтап, талдауы, қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлем бейнесінің негізгі парадигмаларының қызметтерін түрлі сызбалар, кестелер арқылы визуалды тұрғыдан әрлі етіп көрсетуі – тақырыпты аша түседі. Диссертацияның толығымен тақырыпты ашуға арналғанын дәлелдейді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	4.3 мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: Зерттеудің міндеттері белгіленген, алдына қойған мақсатына, нысанына, пәніне, ұсынылған тұжырымдарына сәйкес. Соның негізінде орындалған жұмыс мазмұны мен нәтижелері диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Ізденуші қазақ тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің лингвомәдени ерекшеліктері мен ондағы рухани-мәдени құндылықтардың көрінісін, рефлексиялық сипатын, негізгі концептерді когнитивтік тұрғыдан зерттеуді мақсат етіп қойған, тақырыпқа сәйкес, анық көрсетілген, ізденуші сол бағыттың аясында ізденістер жүргізген. Мақсатқа сәйкес нақты 8 міндетті анықтап алады, зерттеу міндеттері мақсатқа жетуге мүмкіндік берген.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: Диссертацияның үш бөлімі бір-бірімен логикалық байланыста құрылған. Әр бөлімнен кейін берілген түйіндеулер бір-бірімен сабақтасып, жұмыстың жалпы қорытындысын негіздейді. Соның нәтижесінде диссертацияның барлық бөлімдеріндегі ой-түйіндері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары, мен нәтижелері ішкі бірлікте тұтасқан.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;**	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: Сыни талдау бар, оны мына үзінділерден көруге болады: 1) Ертегілердегі әлемнің тілдің бейнесі, ғалымдардың пайымдауынша, мақалдардағы әлемнің қарапайым тілдік бейнесімен сәйкес келеді. Бұл пікірмен келісуге болады. Мақалдарда да, ертегіде де әлемнің өзіндік тілдік бейнесі бар. Алайда, мақал шындыққа құрылады, адамның танымындағы нақты әлемнің тілдік бейнесі ретінде сипатталады да, ертегіде негізінен қиялға ерік береді.

		2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Қиял-ғажайып оқиғалар арқылы әлем бейнесінің тілдік бейнесі алдымыздан шығады. Сондықтан да, ертегінің негізгі тыңдаушысы қиялға сенетін балалар болуы заңды. Яғни, мақалда ақиқат өмір бар, ертегі қиялға негізделеді (59-б.). В.М. Жирмунский сөздердің дамуын екі жолмен байланыстырған болатын. Ал А.Ысқақов ондай дамудың жолын үш саламен байланыстырады. Яғни фонетикалық факторлар, лексика-семантикалық факторлар және грамматикалық фактор деп есептейді. Сөздердің дамуына назар аударған А.Ысқақовтың пікірінің орындылығын ертегілерде кездесетін күрделі етістіктің даму сипаты арқылы нақтылауға дәлелдер көп табылады (77-б.). Ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін айқындаудағы сөз таптарының орнын зерделеуде А.Байтұрсынұлы, А.Ысқақов, С.Исаев, Б.Қасымның зерттеу қағидаттарына сүйене отырып, ертегілердегі етістіктің қолданылуына талдаулар жасалған (2.2 тарауша, 65-71-б.). Әлем бейнесін таңбалаудың ұлттық сипатын тану үшін кісі есімдерін ономасиологиялық, уәждемелік және когнитологиялық тағытта зерделеудің маңызы бар. Бұл тұрғыда А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, Т.Жанұзақов, Н. Оралбаева, Б. Қалиев, Ғ. Қалиев, А.Б. Салқынбай, Б. Қасым, Г.Мадиева зерттеулеріндегі негізгі теориялық мәселелерді басшылыққа алады (3.1 тарауша).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның нәтижелері мен ережелері 75%-ке жаңа. Қорғауға ұсынылған 6 тұжырымның 1-ші, 3-ші, 4-ші, 6-шы тұжырымдарын дәлелдеген нәтижелері ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін зерделеу барысындағы басты ғылыми нәтиже – ертегі мәтіндерінің жинақтаушы басты қағидасы, әлемнің тілдік бейнесіндегі маңызды рөл Адам тұлғасы екендігі; тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінде рухани-мәдени құндылықтар жеке денотаттардың мағыналық ерекшелігі арқылы көрініп, жеке атаулардың қолданысы мен прагматикалық қызметін айқындау арқылы басты когнитивтік ұғымдар мен ұлттық дүниетаным негізінде айқындалатындығы дәлелденген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	5.2 Диссертацияның қорытындылары ішінара жаңа: Қорытындылар әр тараудан соң беріліп отырады. Жұмыс соңында бәрін жинақтап көрсеткен зерттеуші бірнеше қорытынды береді. Олардың ішінде үшеуін жартылай жаңа деп бөліп көрсетуге болады. Олар: а) әлемнің қарапайым тілдік көрінісінің

		2) **ішінара жаңа (25-75% жаңа);** 3) толығымен жаңа.	сипатын танытатын қазақ ертегілерінің маңызды қасиетінің бірі – олардың мифологиялық сипаты. Лингвистикалық миф бірқатар белгілермен сипатталады: ықшамдау, стереотиптеу, құбылыстың кейбір аспектілерін абсолюттендіру; ә) диссертация жұмысында біз белгіленген ұғымдарды екі деңгейде ұсындық: терең семантикалық құрылымды ұғымдар және негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей. Негізгі сөздің этимологиясына негізделген деңгей ұғымның мазмұнын толық ашу үшін қажет. Ол белгілі бір тілдік көріністерде жүзеге асатын ұғымдардың өзіне тән белгілері біріктірілген негізгі деңгейге әсер ететіні сөзсіз; б) Зерттеуде ертегі сюжеттеріндегі кейіпкерлердің адами қасиеті, мейірімі, жақсылығы, шындыққа, ақиқатқа деген көзқарасы, даналығы жиналған халықтық тәжірибенің көрінісі ретінде бағаланып, «Мен» ұғымының негізгі тұлғасы айқындалады. Кейіпкерлер өзінің туған бауырларынан қиянат көргенімен, тірліктен баз кешпейді, жақсы жандардың жан жылуын сезініп, айналасынан жақсылық көреді, адалдықтан туған сыйластық кейін бауырмалдыққа жетеді. Қалған қорытындылары толығымен жаңа. Оның ішінде, диссертация зерттеу жұмысында қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінің өзіндік ішкі тілдік ерекшелігі, сөз мағыналарының қолданысындағы сипаты, ондағы рухани-мәдени құндылықтардың көрінісі, рефлексиялық сипатының зерделеуі; когнитивтік-дискурсивтік тәсілге сүйене отырып, қазақ ертегілерінің прецеденттік феноменінің компоненттері прецеденттік мәтін, прецеденттік атаулар, прецеденттік жағдаяттардың анықталуында, прецеденттік құбылыстың құрамдас бөліктерін зерттеу ертегі тақырыбын анықтауға, оның кейіпкерінің ерекшелігін, болмысын саралауға да мүмкіндік беретіндігінде және т.б.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның жұмыс мазмұны бүгінгі таңдағы технократты қоғамның талабына сәйкес техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа саналуы зерттеудің қорытындылары мен тұжырымдарының нақтылығымен, мол тілдік деректермен негізделген, бірнеше сауалнама жүргізілгендігімен, кестелер мен диаграммаларды дұрыс құрылуы тұрғысынан толығымен жаңа деп есептеймін.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген деп білемін. Бұл туралы қорытындылардың жаңалығы айтылған бөлімде барынша айтылды, талданды, сонымен қатар әр қорытынды теориялық еңбектер мен жиналған тілдік деректерге сүйеніп жасалған. Соған сәйкес белгіленген жұмыстың құрылымы, мақсаты мен міндеттерінің мол тілдік деректердің ғылыми-сипаттамалық талдануы, мазмұнға сай қорғауға ұсынылған тұжырымдары, зерттеу қорытындылары толық негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия;	Диссертацияда қорғауға 6 тұжырым ұсынылған: Бірінші тұжырым – ертегідегі әлемнің тілдік бейнесін зерделеу барысындағы басты ғылыми нәтиже – ертегі мәтіндерінің жинақтаушы басты қағидасы, әлемнің тілдік бейнесіндегі маңызды рөл Адам тұлғасы екендігі. Әлем бейнесі идеалды, психикалық сипатта болғанымен, тілдік құрылымдар арқылы таңбаланатындықтан, тұрмыс-салт ертегілерін тыңдау барысында адамдар қоршаған орта туралы, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен ұлттық дүниетаным туралы ақпараттар беріледі: 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ, тривиалды емес; 7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі – кең; 7.5 ия, мақалада дәлелденген. Екінші тұжырым – қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі біркелкі емес, олар ертегінің негізгі жанрлық ерекшелігіне, мазмұндық сипатына байланысты өзгеріп отырады. Бұл ертегілердің тарихи даму жолдары мен мазмұндық ерекшеліктеріне байланысты: 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ, тривиалды емес; 7.3 ішінара жаңа; 7.4 қолдану деңгейі – кең; 7.5 ия, мақалада дәлелденген.

		2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Үшінші тұжырым – тұрмыс-салт ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесінде рухани-мәдени құндылықтар жеке денотаттардың мағыналық ерекшелігі арқылы көрінеді. Жеке атаулардың қолданысы мен прагматикалық қызметін айқындау арқылы басты когнитивтік ұғымдар мен ұлттық дүниетаным негізі айқындалады: 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ, тривиалды емес; 7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі – кең; 7.5 ия, мақалада дәлелденген. Төртінші тұжырым – халық ертегілері мәтіндеріндегі сөз мағыналарын әлемнің тілдік бейнесінің маңызды категорияларын көрсететін белгілі бір концептік ұғымдармен байланыстыра қарастыру ұлттық дүниетанымның, ділдің (мінездің), жақсылық пен жамандық туралы ұғымдардың бағалану ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді: 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ, тривиалды емес; 7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі – кең; 7.5 ия, мақалада дәлелденген. Бесінші тұжырым – тұрмыс-салт ертегілеріндегі кейіпкердің эмоциясы, әрекеті, шешімі оқырманның немесе тыңдаушының әрекетіне, эмоциялық ерекшелігіне, дүниетанымы мен өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда маңызы бар, сондықтан рефлексиялық әрекет ретінде бағалы: 7.1 дәлелденді; 7.2 жоқ, тривиалды емес; 7.3 ішінара жаңа; 7.4 қолдану деңгейі – кең; 7.5 ия, мақалада дәлелденген. Алтыншы тұжырым – тұрмыс-салт ертегілерінің тіліне лингвокогнитивтік талдау жүргізе отырып, олардың қазіргі қабылдану үлгісін сауалнамалар жүргізу арқылы айқындап, ғылыми сипаттамасын көрсету – қазіргі кездегі ертегі тыңдаушылар мен ертегі оқитын адамдардың қабылдауы мен қалыптасқан көзқарасын танытады: 7.1 дәлелденді;

			7.2 жоқ, тривиалды емес; 7.3 жаңа; 7.4 қолдану деңгейі – кең; 7.5 ия, мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; Диссертацияны жазу барысында концептуалдық талдау әдісі, тілдік бірліктердің вербалдануындағы мағынасын айқындауда лингвомәдени талдаулар, салыстырмалы талдау, лингвокогнитивтік талдау әдісі, лингвистикалық талдау жасау әдісі, құрылымдық-семантикалық тәсіл, функционалды талдау әдісі, лексика-семантикалық талдау, тілдік бірліктерді жүйелеу, сипаттау, топтау, салыстыру, ішінара салғастыру тәсілдері қолданылған, дұрыс қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; Сауалнама және лингвистикалық бақылау барысында жаппай сұрыптау әдісі, әлеуметтік мониторинг, мазмұндық талдау (ертегі мәтіндерін талдау, ертегі мәтіндерінің тіл ерекшеліктерін талдау) – компьютерлік технологияларды қолданған. Талапқа сай.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: 1) ия; Диссертациялық зерттеудің ғылыми тұжырымдары, түсініктері, қорытынды нәтижелері эксперименттер (сауалнама, бақылау) арқылы дәлелденген. 110-беттегі суретте, кестелерде нәтижелер анық көрінген.

		дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста ізденушінің 120 ғылыми-теориялық еңбек қарастырғаны көрсетілген. Сілтемелер нақты, жүйелі жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ғылыми әдебиеттердің көбі 2000 жылдан басталатын, 2015-жылдан бергі жаңа әдебиеттер.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; Зерттеу нәтижелері когнитивтік лингвистика, лингвистикалық прагматика, коммуникация немесе тілдік қатынас, мәтін және дискурс теориясына көмегі тиетін зертеу деуге болады.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; Диссертация нәтижелерін ЖОО-лардағы лексикология, лингвофольклористика, когнитивті лингвистика пәндерін оқытуға арналған т.б. элективті курстармен қатар міндетті курстарды, «Қазақ әдеби тілі», «БАҚ тілі», «Дискурс теориясы», «Қазақ тілінің стилистикасы», «Лингвистикалық прагматика» т.б. оқытуда пайдалануға болады, теориялық та, практикалық та маңызы бар зерттеу деуге болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа. Диссертация жұмысының негізгі деректері мен нәтижелерін, ғылыми тұжырымдарын жоғары оқу орындарында филология мамандығының бакалавриат және магистратура бөлімдерінде оқытылатын когнитологиялық пәндерде пайдалануға, арнаулы курс ретінде оқытуға болады. Сондай-ақ, фольклорлық шығармалардың тілін оқытуда арнаулы курс ретінде оқытуға, оқу құралдарын жазуда пайдалануға толық болады - толығымен жаңа;
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; Диссертация – академиялық жазылымның типіне жатады. Жазу барысында ізденуші академиялық жазылым талаптарын сақтаған. Таза ғылыми стильде жазылған, ой қайталаулары аз. Сызбалар, кестелер, диаграммалар – бәрі де академиялық шеңбер аясында, талапқа сай орындалған. Олар мәтіндегі негізгі ойды, идеяны тез танып-түсінуге көмектеседі. Тұжырымдар, жаңалықтар мен практикалық маңызы, мақсат, міндеттері қысқа да нақты түрде жазылған. Сөйлемдері ойды түсінікті жеткізді, тым шұбалаңқы емес. Ғылыми стильге тән ерекшеліктер сақталған, сала терминдері көп кездеседі, түсініктері нақты берілген. Талапқа сай.
11.	Диссертацияға ескертулер		Ескерту жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы		Зерттеу жұмысының басты ғылыми қорытындылары мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында жарияланған, оның ішінде: Scopus базасына индекстелетін журналда 1 мақала; ҚР ҒЖБССБК тізбесінде журналдарда 5 мақала; Отандық және шетелдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында 5 мақала. Диссертанттың ғылыми мақалалары талапқа сай жазылған.

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Қазақ халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Нурбеков Талгат Балтабековичке философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептейміз.

Ресми рецензент:
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры м.а.,
филология ғылымдарының кандидаты **Қ.Қ. Сарекенова**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«04» 03 2025 г.